

5 жастағы балалармен тәрбиеші жұмыс істеуіне логопед ұсынымдары

Бөлім	Ұсынылған ойындар мен жаттығулар
Дем алуды, дауысты және фонематикалық естуді дамыту	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Ақырын-қатты». Ақырын және қатты дауыспен қолдануды дамыту. 2. Қысқы және жазғы жел». Мақсаты: дұрыс физиологиялық дем алуды қалыптастыру. 3. «Қақпан». Мақсаты: сөздегі қажетті дыбысты естуді дамыту. 4. «Естіп ата». Ойынның мақсаты: балаға қоршаған заттардың шығаратын дыбыстарды бірін бірінен ажыратуға үйрету, фонематикалық естуді дамыту. 5. «Зейінді бол». Ойынның мақсаты: балаға кезекпен буындарды, сөздерді есте сақтауға, сөздікті молайтуға үйрету, дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.
Қолдың ұсақ моторикасын дамыту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қысқыштармен жұмыс. 2. Мозаикамен жұмыс. 3. Трафареттермен сызып, бояу. 4. Саусақтармен жаттығуларды айтып жасау. 5. Пазлдармен ойындар. 6. «Сықырлы қапшық». <p>Затты сипаттап табу.</p>
Артикуляциялық жаттығулар	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Күлімдеу». Ерінді күлімдеп ұстау. Тіс көрінбейді. 2. «Шарбақ». Күш салмай күлу, алдыңғы жоғарғы және төменгі тістер көрініп тұру керек. 3. «Түтікше». Жабық тұрған ерінді түтікше тәрізді алға созу. 4. «Шарбақ - түтікше» 5. «Тоқаш», «Рупор». Тіс жабық. Ерін дөңгеленген және алға созылған. Жоғарғы және төменгі күрек тістер көрініп тұр. 6. «Күрекше». Ауыз ашық, жалпақ бос жатқан тіл төменгі ерінде жатады. 7. «Шәшке». Ауыз кең ашық. Жалпақ тілдің алдыңғы және бүйір жақтары көтерілген, бірақ тіске жақындаспайды. 8. «Ине». «Жебе». «Бізбек». Ауыз ашық. Жіңішке бағытталған тіл алға шығып тұр. 9. «Төбешік». «Мысық ашуланды». Ауыз ашық. Тілдің ұшы төменгі күрек тіске жақындасады, тілдің арқасы жоғары көтерілген.

	<p>10.«Сағат», «Маятник». Ауыз ашық. Ерін күлімдеп тұрады. Жіңішке тілдің ұшымен ауыз ұртына санап кезекпен жету.</p> <p>11.«Өткеншек». Ауыз ашық. Тілмен мұрынға жету немесе жоғарғы, төменгі күрек тіске жету.</p> <p>12.«Футбол». Ауыз жабық. Тілмен бір жаққа, екінші жаққа тірелу.</p> <p>13.«Тісті тазалау».Ауыз жабық. Тілді дөңгелетіп ерінмен тістің ортасынан жүргізу.</p> <p>14.«Ат». Тілді таңдайға жеткізіп, басу. Баяу және қатты тарсылдату, тіл астындағы желбезекті созу.</p> <p>15.«Сылақшы». Ауыз ашық. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді қаламмен сияқты бояу, жоғарғы күрек тістен жұмсақ таңдайға дейін жүргізу.</p> <p>16.«Тәтті тосап». Ауыз ашық. Жалпақ тілмен жоғарыдан төменге жоғарғы ерінді жалау, ауыз қуысына тілді алу.</p> <p>17.«Ерінді жалау».Ауыз ашық. Бірінші жоғарғы, сосын төменгі ерінді дөңгелетіп жалау.</p> <p>18.«Тентек тілді жазалау».Тілдің бұлшық еттерін босансытуға үйрету.</p>
<p>Экспрессивті сөйлеуді дамыту</p>	<p>1.«Затты сипатта». Мақсаты: сипаттау әңгімені құрастыру және мазмұндау.</p> <p>2. «Бір сөзбен ата».</p> <p>Жалпылауыш ұғымдарды сөйлеуде бекіту.</p> <p>3. «Қарап айт». Мақсаты: схемаға сүйеніп байланыстырып, монологиялық сөйлемді айтуға үйрету.</p> <p>4. «Сөйлемді аяқта»</p> <p>Ойынның мақсаты: мағынасы қажетті сөзді табуға үйрету, зат есіммен етістікті дұрыс сәйкестіндіруге үйрету, сөздік қорды молайту, сөйлеуді дамыту.</p> <p>5.«Үлкен –кішкентай».</p>

Логопед: Шаймерденова А.А.